

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында сөйлеген сөзінде «Біз алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болдық. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып еңсере білдік. Енді біз мұндай жағдайға ешқандай жол бермеуіміз қажет. Осы сәтте ел тағдыры үшін ұйыса білген халқына шынайы ризашылығымды білдіремін» деп Қазақстан халқына үндеу жариялағаны белгілі.

# ЕЛ БОЛЫП ЕҢСЕРЕМІЗ

Лаңкестерге қарсы операцияны Қазақстанның күштік құрылымдары жүзеге асыруда. Шын мәнінде солардың жанкешті іс-әрекетінің арқасында төңкеріске жол берген жоқ. Халқымыздың тыныштық өмірі қалпына келтірілді. Мемлекет басшысы алда атқарылатын жұмыстарға тоқталып өтті. Келесі мәселелерді міндеттеді.

Бірінші. Антифтеррорлық операцияны аяғына дейін жеткізу. Азаматтардың ауылда, қалада еркін жүріп тұруы, жұмыс істеуі, оқуы және балалары мен туысқандарының қауіпсіздігі мен құқықтық тәртібін қамтамасыз ету.

Екінші. Қылмыстық істерге қатысы бар азаматтар мен лаңкестерді заң жолымен жазаға тарту.

Үшінші. Қаза болған тәртіп сақшыларының, әскери қыз-

меткерлер мен қарапайым азаматтардың отбасына көмек көрсету – біздің қасиетті борышымыз. Бұл мәселе Президенттің жеке бақылауында болады.

Төртінші. Еліміздің қауіпсіздігін нығайту және қауіп қатердің алдын алу үшін шұғыл шараларды жүзеге асыру қажет.

Біз сарбаздарды, әскери техника мен қару жарақты қажетті жерге жедел жеткізу үшін әскери авиация паркін толықтыруды қолға аламыз. Мемлекеттік шекара қызметі нығаяды. Қарулы күштердің жұмысын қайта құру, құқық қорғау және ұлттық қауіпсіздік органдарының құрылымы жетілдіріледі.

Президент «Ең алдымен жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға керек. Экономикалық сая-

сатымыздың мақсаты – айқын. Бұл заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту үшін үкіметке нақты тапсырма берді. Сол сияқты алдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешу қажет» деп атап көрсетті.

Қоғам дамуының маңызды факторы саналы білім берудің басым бағыттарын дамыту міндеттерін атап өтті. Мұғалім жетіспейтін өңірлерді үздік педагогтармен қамтамасыз етудің арнайы бағдарламаларын дайындауды үкіметке тапсырма берді. Тұрғындары көп өңірлердің жастарына арнайы грант бөлу мәселесін айттып өтті. «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қор құру жөнінде үкіметке тапсырма берді. Ол қор денсаулық, білім салаларын әлеуметтік қолдау мәселелерімен айналысады.

Қ. Тоқаев елімізде саяси, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салалардағы реформалар мен өзекті мәселелерді шешудегі міндеттерді белгілеп берді. Біз Президент Қ.Тоқаевтың үндеуі мен алда тұрған міндеттерді іске асыруда қолға алған шараларын қуаттаймыз, қолдаймыз. Тәуелсіздіктің тұғыры – тыныштық пен тұрақтылық.

**Салдарбек СЕРКЕБАЕВ,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**ОҚУ колледжінің**  
**жетекші ұстазы,**  
**аға оқытушы**